

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мамыкова, Р.У. Интродукция лекарственных растений в предгорной зоне юга Казахстана. Шымкент: Әлем. - 2018. - С.43 - 169.
2. Айдосова С.С., Мухитдинов Н.М. Первые итоги и перспективы анатомических исследований кафедры ботаники //Итоги и перспективы развития ботанической науки в Казахстане //Матер. Межд. науч. конф. – Алматы: 2002. С. 11 – 13.
3. Паршина Г.Н., Курбатова Н.В. Анатомические особенности новых лекарственных растений *Origanum Tyttanthum Gontsch* и *Marr* и *Bium vulgare L.* (Lamiaceae) //Тез.докл. II Межд.конф. по анатомии и морфо-логии растений. –Санкт-Петербург, 2002. –С.85-86.
4. Прозина М.Н. Ботаническая микротехника. - М.: Высшая школа. 1960. – 206 с.

ӘОЖ 376.1

<https://doi.org/10.53355/o0529-8803-9432-s>

МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДА ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ МӘСЕЛЕСІ

Рахманбек А.Қ., Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу білім беру бағдарламасының 3 курс студенті,
Фейзулдаева С.А., Phd докторы

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

E-mail: aigul.rakhmanbec@bk.ru, salta7172@mail.ru

Мақалада мектепке дейінгі балалар ұйымында инклюзивті білім беру мәселесі қарастырылған. Авторлар инклюзивті білім берудің ерекшелігін, маңызы мен қағидаларын бере отырып, дамытудың қажеттілігін атап өтеді. Сонымен қатар ерекше қажеттіліктері бар нақты балаға арналған бағдарламаны жоспарлау және жүзеге асыру бойынша кезеңдерін көрсетеді.

Тірек сөздер: мектепке дейінгі ұйым, мектепке дейінгі жас, инклюзивті білім беру.

В статье рассматривается проблема инклюзивного образования в детских дошкольных организациях. Авторы отмечают необходимость развития инклюзивного образования, придавая ему специфику, значение и принципы. А также отражает этапы планирования и реализации программы для конкретного ребенка с особыми потребностями.

Ключевые слова: дошкольная организация, дошкольный возраст, инклюзивное образование.

The article deals with the problem of inclusive education in preschool organizations. The authors note the need to develop inclusive education, giving it specifics, meaning and principles. It also reflects the stages of planning and implementing a program for a specific child with special needs.

Key words: preschool organization, preschool age, inclusive education.

Бүкіл өркениетті әлемде қоғам жалпыадамзаттық адамгершілік пен әлеуметтік әділеттілік талабына сәйкес білім беруде балаларды кемсітуге жол берілмейтінін түсінді. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес балалардың құқықтарын қорғау саласындағы халықаралық құжаттарға сәйкес ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар (балалар) ұғымы және жеке мүмкіндіктері ескеріле отырып, барлық білім алушылардың сапалы білім алуына тең құқықтар қағидаты енгізілді.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінде инклюзивті білім беру кеңістігі – әр баланың жеке қажеттіліктері ескеріліп ұйымдастырылған орта, онда барлық балалар эмоционалдық, зияткерлік және академиялық қолдауды сезінеді, әлеуметтенуге қатысады және жеке басына, тәрбиелеу мен оқытудағы қалауына қарамастан қатысатындығын атап өткен [1].

Қазіргі білім берудің заманауи басымдықтарының бірі-ерекше білім беруді қажет ететін балаларға жалпы оқу үдерісіне қосылуға мүмкіндік беретін инклюзивті білім беру ортасы. Негізгі инклюзивтік технологияларға мектепте оқыту аясында көңіл бөлінеді, себебі мектеп жасындағы балалар қарқынды әлеуметтенуден өтеді, алайда инклюзия міндеттерінің бірі-ерекше қажеттілігі бар баланы қоғамға үйлесімді қосу, бұл баланың дамуының бастапқы кезеңінде сыртқы әлеммен өзара әрекеттесуін орнатуға мүмкіндік беретін мектепке дейінгі инклюзияны дамыту қажеттілігі туындайды.

Инклюзивті білім беру-бұл оқыту мен тәрбиелеудің ерекше процесі, онда балалар физикалық, психикалық, интеллектуалдық және өзге де ерекшеліктеріне қарамастан, жалпы білім беру жүйесіне қосылады және өздерінің құрдастарымен бірге тұрғылықты жері бойынша өздерінің ерекше білім беру қажеттіліктерін ескеретін және қажетті арнайы қолдау көрсететін сол мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде немесе жалпы білім беру мектептерінде білім алады [2]. Инклюзивті білім беруді енгізудің өзектілігі ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істейтін педагогтардың кәсіби қажеттіліктеріне байланысты.

Мектепке дейінгі жас-бұл тұлғаның қалыптасуының маңызды кезеңі, осыған байланысты қазіргі кезеңдегі мектепке дейінгі білімнің мақсаты белгілі бір білім мөлшерін қалыптастырып қана қоймай, сонымен қатар адамның негізгі қабілеттерін, оның әлеуметтік және мәдени дағдыларын, салауатты өмір салтын дамыту болып табылады.

Бірақ қолайсыз экологиялық, саяси және әлеуметтік факторлар біздің балаларымыздың физикалық, рухани, психологиялық және эмоционалды денсаулығына теріс әсер етеді. Жыл сайын дене және психикалық мүмкіндіктері шектеулі балалар саны артып келеді. Егер қалыпты дамып келе жатқан баланың ата - аналары үшін балабақша-бұл қарым-қатынас жасай алатын, басқа балалармен ойнай алатын, уақытты қызықты өткізетін, жаңа нәрсе білетін орын болса, онда мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар үшін балабақша олардың балалары толықтай дамитын және бейімделетін, өмірге бейімделетін орын бола алады, өйткені мектепке дейінгі білім беру мекемесінде түзету-дамыту бағдарламасын құру педагогикалық әсердің әлеуметтік бағытын және мүмкіндігі шектеулі баланы әлеуметтендіруді қамтамасыз етеді.

Мектепке дейінгі инклюзияның маңыздылығы мүмкіндігі шектеулі балалар да, олардың ата-аналары да мектепте үлкен қиындықтарға кезігуінде, әлеуметтік кеңістікте бейімделуді сәтті бастауға мүмкіндік беретін тәрбиенің мектепке дейінгі кезеңі болып табылады.

Мектепке дейінгі білім берудің ерекшелігі ондағы білім мен тәрбие бір - бірімен тығыз байланысты, бұл процестер таза практикалық деңгейде ажырату мүмкін емес, сондықтан оқу кезінде инклюзивті технологияларды олардың жалпы білім және тәрбие беру бағыттарынан бастау керек.

Оқу-әдістемелік және педагогикалық-тәрбиелік іс-шаралар инклюзивті білім беру қағидаттары негізінде құрылады.

Мектепке дейінгі инклюзивті оқыту мынадай қағидаттарға негізделеді:

- Жеке тәсіл қағидаты топ балаларының әрқайсысының жеке тәрбиелік қажеттіліктерін ескере отырып, оқыту мен тәрбиелеудің нысандарын, әдістері мен құралдарын таңдауды көздейді. Баланы дамытудың жеке бағдарламалары баланың функционалдық жағдайын диагностикалауға негізделеді және нақты баланың жеке даму стратегиясын әзірлеуді көздейді. Жеке тәсіл баланың қажеттіліктеріне сырттай назар аударуды ғана көздемейді, сонымен қатар балаға өзінің даралығын іске асыруға мүмкіндік береді.

- Баланың дербес қызметін қолдау қағидаты. Инклюзивті білім берудің табысты болуының маңызды шарты баланың дербес қызметін қамтамасыз ету болып табылады. Бұл принципті іске асыру әлеуметтік белсенді тұлғаны қалыптастыру мәселесін шешеді. Өз дамуының және әлеуметтік маңызы бар қызметінің нысанасы болып табылатын адам. Белсенділік толығымен балаға қамқорлық жасайтын ересектер жағында болған кезде, оның ерекшеліктері оның мүмкіндіктерін іске асыруға мүмкіндік бермейтініне сеніп, «үйренген дәрменсіздік» қалыптасады, бала сыртқы бастаманы күткен кездегі құбылыс пассивті болып қалады.

Мектепке дейінгі балалық шақ кезеңінде оңтайлы интеграциялау үшін ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеу мен оқытудың ерекше жағдайларын сақтау, олардың өмірі үшін кедергісіз ортаны ұйымдастыру қажет. Мектепке дейінгі мекемедегі тәрбие қызметі процесінде жеке және сараланған тәсілдерді икемді біріктірудің маңызы зор; бұл барлық балалардың ұжым өміріне атсалысуына көмектеседі [3].

Ерекше қажеттіліктері бар мектепке дейінгі жастағы балаларды оқытуды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру түзеу-дамыту жұмыстарының нысандарына өзгерістер енгізуді көздейді. Балалардың көпшілігіне қозғалыс қиындықтары, еңбек қабілетінің төмендігі тән, мұның өзі білім беру қызметін өзгертуді және жоспарлауды талап етеді. Түзеу-педагогикалық жұмыстың тиімділігін арттыру шарттарының бірі баланың мүмкіндіктеріне барабар қорғаныш-педагогикалық және субъектілік-дамушы орта құру [4], яғни қызметтің барлық түрлерінің толыққанды дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жүйесі, жоғары психикалық функциялардың ауытқуларын түзету және баланың тұлғасын қалыптастыру болып табылады.

Мектепке дейінгі ұйымның оқу-тәрбие үдерісі балаларға күтім жасауды да, тәрбиелеу мен күтуді де, білімді, тәрбиелеу және оқыту процестерін, маңызды өмірлік дағдыларды, балалардың жеке қасиеттері мен қабілеттерін дамытуды, олардың дамудағы кемшіліктерін түзетуді көздейді. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды мектепке дейінгі тәрбие процесіне қосу, ең алдымен балалар құқығын кемсітпеу, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге ерекше оқыту қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Осы уақытқа дейін педагогикалық практикада біз осы ерекшеліктерді теңестіруге үйренгенбіз, өйткені ұқсас балаларды басқару әр түрлі балаларға қарағанда оңай. Мұндай балаларды басқалармен бірлесіп тәрбиелеу проблемаларын кәсіби шешу үшін арнаулы балалардың ерекшеліктерін теңестіру мүмкін емес. Бірақ «ерекше» балаларға ерекше жағдай жасай бастасақ, басқа балаларға тең құқық принципі бұзамыз. Оны сақтау үшін барлық балалармен олардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, қалай жұмыс істеу керектігін үйрену керек.

Инклюзивтік білім беруді дамыту:

1) ерекше білім беруді қажет ететін балаларға қоғамның оң көзқарасының философиясын қалыптастыру;

2) инклюзивті білім беру процесін ғылыми және оқу-әдістемелік қолдауды жетілдіру;

3) ерекше білім беруді қажет ететін балаларды білім беру ортасына қосу процесін психологиялық-педагогикалық қолдаудың практикаға бағдарланған технологияларын қолдану тетіктерін, нысандарын, тәсілдерін әзірлеу және енгізу;

4) ерекше білім беруді қажет ететін балаларды ерте анықтау жүйесін жетілдіру және психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру;

5) мектепке дейінгі және мектепте білім беру деңгейлері арасында инклюзивті технологиялар сабақтастығын жүзеге асыру;

6) инклюзивті білім беруді ақпараттық-консультациялық қолдауды жүзеге асыру; қызметі инклюзивті білім беру мәселелерін шешуге байланысты ұйымдармен әлеуметтік әріптестікті дамыту (инклюзивті практиканы жүзеге асыратын мектепке дейінгі ұйымдар; инклюзивті білім беруді қолдау бойынша ресурстық орталықтар, ғылыми-зерттеу орталықтары, жоғары оқу орындары, арнайы білім беру ұйымдары, қоғамдық ұйымдар);

7) инклюзивті білім беру теориясы мен практикасының озық тәжірибесін зерделеу мақсатында шетелдік ұйымдар мен әріптестердің ынтымақтастығын тереңдету;

8) инклюзивті практиканы жүзеге асыратын мектепке дейінгі ұйымдардың қажеттілігін болжау жүйесін дамыту;

9) ерекше білім беруді қажет ететін балалар келетін топтарды қажетті білікті мамандармен қамтамасыз ету (логопед, олигофренопедагог, тифлопедагог, сурдопедагог және т.б.) арқылы қамтамасыз етіледі.

Инклюзивті білім беруді қоса алғанда, оқу жоспарлары мен бағдарламаларының икемділігін қамтамасыз ету арқылы педагогикалық процесті ғылыми негізде жетілдіру жолымен мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мазмұнын өзгертуге жағдай жасау [5]. Ерекше қажеттіліктері бар нақты балаға арналған бағдарламаны жоспарлау және жүзеге асыру технологиясы келесі кезеңдерден тұрады:

1. Баланың жалпы қасиеттерін дамыту.
2. Жеке даму бағдарламасын қажет болған жағдайда жеке оқу жоспарын әзірлеу және орындау.

3. Жеке даму бағдарламасын жүзеге асыру.

4. Жеке даму бағдарламасын қарастыру, бағалау және өзгерту.

Бұл компоненттер біріктірілгенде үздіксіз және икемді процесс жасалады.

Баланың жалпы сипаттамасын жасау үшін, ең алдымен, команда құрамы анықталады. Содан кейін топ мүшелері бала туралы ақпарат жинап, оны бөліседі. Қысқаша түрде баланың жалпы сипаттамасының дамуы ерекше қажеттіліктері бар бала туралы қолдау тобында бар ақпараттың жиынтығын көрсетеді, бірінші кезектегі білім беру қажеттіліктерін көрсетеді және жеке даму бағдарламасын әзірлеуде топ үшін нұсқаулық ретінде қызмет етеді.

Тәрбиеленушінің жалпы сипаттамасы:

- бала туралы жалпы ақпарат және дамуы;
- оқу орны, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация мамандарының кешенді бағалау және психологиялық-педагогикалық зерделеу нәтижелерінің қысқаша тұжырымдары;

- тәрбиеленушінің қызығушылығы, оның қабілеттері туралы жалпылама мәліметтер;

- баланың әлсіз және күшті жақтарын, оның жетістіктерін нақты сипаттау;

- қолдау тобы анықтайтын басым оқыту қажеттіліктері.

Баланы тәрбиелеу, оқыту және дамытудың жеке бағдарламасын сауатты құрастыру дамуында ерекше қажеттіліктері бар баланы түзету және дамыту жұмысындағы және әлеуметтік бейімделудегі сәттіліктің маңызды компоненттерінің бірі болып табылады.

Инклюзивті білім беру – барлық тәрбиеленушілердің ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, тәрбие мен оқытуға тең қол жеткізуін қамтамасыз ететін процесс.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137>

2. Инклюзивная практика в дошкольном образовании. Под редакцией Т. В. Волосовец, Е. Н. Кутеповой. М. МОЗАИКА-СИНТЕЗ 2011

3. Верещагина Н.В. «Особый ребенок» в детском саду. – СПб: Детство-пресс, 2009

4. Методические рекомендации по организации инклюзивного образовательного процесса в детском саду. Выпуск 4. Москва. Центр «Школьная книга». 2011

5. Астапов В. М., Лебединская О. И., Шапиро Б. Ю. Теоретико-методологические аспекты подготовки специалистов социально- педагогической сферы для работы с детьми, имеющими отклонения в развитии. 1995 г.